

**"Федоров ауданының 2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы"
Федоров аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 264 шешімін
жүзеге асыру туралы**

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 қантардағы № 45 қаулысы. Қостанай облысы Федоров ауданының Эдilet басқармасында 2010 жылғы 12 наурызда № 9-20-171 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы жастар саясаты туралы" Заңының 4-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына, 5-бабының 11) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес, нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде нөмірі 9-20-167 болып тіркелген "Федоров ауданының 2010 - 2012 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" Федоров аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 264 шешімін жүзеге асыру мақсатында Федоров ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Аудандық бюджеттен келесі әлеуметтік төлемдер белгіленсін:

1) қайтыс болған жұмыссыздарды және кәмелетке толмаған балаларды жерлеу үшін респубикалық бюджет туралы заңымен тиісті жылға белгіленген, айлық есептік көрсеткіштің он бес есе көлемінде әлеуметтік көмек;

2) туберкулездің жүқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға, емделуді қолдау кезінде қосымша тамақтану үшін респубикалық бюджет туралы заңымен тиісті жылға белгіленген, есептік көрсеткіштің он есе көлемінде біржолғы әлеуметтік көмек;

3) респубикалық бюджет туралы заңымен тиісті жылға белгіленген, мүгедектер күніне 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға 1000 (бір мың) теңге көлемінде, Чернобыль атомдық электрстанциясындағы апатты жою жұмыстарына байланысты мүгедек болған 1, 2 және 3-топтағы мүгедектер үшін айлық есептік көрсеткіштің жиырма есе көлемінде біржолғы әлеуметтік көмек, зейнеткерлік жасқа толмаған 1 және 2 топтағы мүгедектерге 1000 (бір мың) теңге көлемінде;

4) бюджетімен қарастырылған қаражаттар шегінде респубикалық бюджет туралы заңымен тиісті жылға белгіленген, орташа табысы азық-түлік себетінен төмен болса, тұрмыстық қажеттіліктерге халықтың әлеуметтік жанды жіктеріне, айлық есептік көрсеткіштің жиырма бес есе көлеміне дейін біржолғы әлеуметтік көмек;

5) бюджетімен қарастырылған қаражаттар шегінде респубикалық бюджет туралы

заңымен тиісті жылға белгіленген, орташа табысы азық-тұлік себетінен төмен болса, жеке тұрғын үйде тұратындарға отын сатып алу үшін халықтың әлеуметтік жанды жіктеріне, айлық есептік көрсеткіштің жиырма бес есе көлеміне дейін біржолғы

әлеуметтік көмек;

6) республикалық бюджет туралы заңымен тиісті жылға белгіленген, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын аз қамтылған азаматтарға, айлық есептік көрсеткіштің 0,5 көлемінде ай сайынғы әлеуметтік көмек:

7) аудандық бюджет қаражаты есебінен оқытын халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын қатарынан шыққан жастарға техникалық және кәсіби білім, сондай-ақ орта білімнен кейін білім алу немесе жоғары білім алуға байланысты шығындарды өтеу үшін

әлеуметтік көмек;

8) республикалық бюджет туралы заңымен тиісті жылға белгіленген, Ұлы Отан Соғысының ардагерлері мен қатысушыларына айлық есептік көрсеткіштің екі есе көлеміне дейін ай сайынғы әлеуметтік көмек.

2. "Федоров аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган болып белгіленсін.

3. Мыналар белгіленсін:

1) қайтыс болған жұмыссыздарды жерлеуге әлеуметтік көмек, егер ол қаза болған күнге текті уәкілітті органда жұмыссыз ретінде ресми тіркелген болса, әлеуметтік көмек қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне немесе жерлеген адамға тағайындалады

және төленеді;

2) әлеуметтік көмек қайтыс болған кәмелетке толмаған балаға егер қайтыс болған баланың еңбекке қабілеті бар әкесі (асырап алушысы, қамқоршысы) баланың қаза болған күніне уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген болса тағайындалады;

3) осы қаулының 1-тармағының 4), 5) тармақшаларда қарастырылған әлеуметтік көмек, әлеуметтік көмек алуға үміткер тұлғаларға олардың еркі бойынша бір негізі ғана бойынша

беріледі;

4) уәкілетті орган кеңесші ведомствоаралық комиссиясының ұсынысы негізінде азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау немесе бас тарту туралы шешім, заңдарда белгіленген мерзімде әлеуметтік көмек көрсету жөнінде қабылдауды;

5) әлеуметтік көмекті төлеу, уәкілетті орган берген тізімдерге сәйкес, екінші деңгейдегі банктар немесе банктік операциялардың тиісті түрлерін жүргізуге Қазақстан Республикасындағы Ұлттық банкінің лицензиясы бар ұйымдар арқылы әлеуметтік көмек алушының жеке есеп шотына ақшалай қаражат аудару жолымен жүзеге асырылады.

4. Әлеуметтік көмекті қаржыландыру "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік көмек"

бюджеттік бағдарлама бойынша жүргізілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары О. Ф. Федоров аға жүктелсін.

6. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Федоров ауданының

әкімі А. Корниенко
КЕЛІСІЛДІ

"Федоров ауданының орталық ауруханасы"
мемлекеттік қазыналық коммуналдық
кәсіпорынның бас дәрігері
----- B. Финк

26 қаңтардағы 2010 жыл

"Федоров аудандық жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
----- T. Волоткевич

26 қаңтардағы 2010 жыл

"Федоров ауданының экономика және қаржы
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы
----- B. Гринак

26 қаңтардағы 2010 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК